

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2020 жылдың 07 қазанда жарияланған

**Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі
Б. Б. Атамқұловқа**

**Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
Н. А. Ноғаевқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Бейбіт Бәкірұлы!
Құрметті Нұрлан Асқарұлы!**

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында, Елбасы, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру мәселесін, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекен және сапалы инфрақұрылым қалыптастырып, бұдан былай халықтың табысы мен өмір сүру сапасы мемлекет тиімділігінің басты өлшемі болатынын және әрбір министр мен әкімнің жұмысы дәл осы параметрлер бойынша бағаланатынын ерекше ескерткен болатын.

Осы орайда, бүгінде ас-суын ағаш жағып әзірлеп, үйін көмірмен жылытып отырған халқымыз үшін газ қолжетімділігі өте өзекті, тұрмыс сапасының маңызды көрсеткіші деп санаймыз.

Алайда өткен аптада «Ақ жол» фракциясы депутаттарының Түркістан облысының тұрғындарымен кездесу барысында, бұл мәселенің әлі де толығымен шешімі табылмай отырғандығынан хабардар болдық. Ауыл азаматтары газбен қамту мәселесін тағы да қайталай көтеріп, әкімдердің әсем есептерінің шындықтан алыс екенін жарыса айтып, жанайқайын жеткізді.

Рухани астанамыз Түркістан қаласы бүгінде өзгеріп, қала келбеті облыс орталығының мәртебесіне лайық, гүлденіп келе жатқандығын көріп отырмыз. Дегенмен, қазақтың кара шаңырағы–оңтүстік

аймақ, инфрақұрылымдық даму, сапалы өмір сүру тұрғысынан тек Түркістан қаласымен ғана шектеліп қалмауы керек деп есептейміз. Оның үстіне құдайға шүкір еліміз күнін көре алмай қол қусырып отырған жоқ, әлемдегі 30 дамыған мемлекеттің қатарына кіреміз деп биік мақсат қойған ел. Бірақ, жылына 50 млрд шаршы метр газ өндіретін Қазақстанның халқы сол газбен үйін жылыта алмаса біз қандай өмір сапасы туралы айта аламыз, ондай әлемдік рейтингтің құны бес тиын.

Мысалы, Түркістан облысы Келес ауданы «Біртілек» ауылы, «Еңбекші» және «Ораз ата» елді мекендерінің тұрғындарының айтуынша, осыдан 4 жыл бұрын аталмыш ауылдарға газ құбыры салынып, тұрғындар өз қаржыларына үйлеріне құбыр тартып, газ пештеріне дейін қойып алған. Осындай жағдай Жетісай ауданының Көктөбе ауылында, Сайрам ауданының жеті ауылында, Ордабасы, Қазығұрт ауданы ауылдарында орын алған.

Өкінішке орай бүгінгі күнге дейін осы ауылдарға көгілдір отын әлі жетпеген. Егер газ болмаса, тұрғындардан неге 4 жыл бұрын қаржы жиналған?

Тұрғындармен кездесу кезіндегі шағымдарға сүйенсек Жетісай ауданындағы 72 мектептің 39 әлі де көмір қызуымен жылынады. Мысалы:

М. Мәметова атындағы №33-ші;

№35 Қараөзек;

№69 Мақташы;

№30 І.Жансүгіров;

№32 Ш.Құдайбердиев атындағы мектептер орналасқан елді мекендерге газ сонау 2014 жылы беріліпті, бірақ сол уақыттан бері аттай алты жыл өтсе де бұл мектептердің газға қолы жетпей отыр.

Газдың қосылмау себебін жергілікті әкімшілікте, өкілетті органдар әртүрлі техникалық себептермен түсіндіруде. Бірақ, мардымды, нақты жауап ала алмадық.

Әрине, сылтаудың түрі көп, қағаз бәрін көтереді. Осы ауыл азаматтары мен мектептерге газдың жетпеуіне себеп болып отырған шенеуніктер мен газ құбырының басында отырған өкілетті органның басшыларына көгілдір отынсыз отырған ауылдарға көшіп, балаларын суық мектепте оқытып, келе жатқан қыстың қарсаңында тезекпен жылынып өмір сүруге кеңес береміз. Сонда мүмкін, бұл мәселе жылдам шешілер.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы:

- Түркістан облысындағы аталған ауылдар мен мектептерге бүгінгі күнге дейін газ келмеу себебі, оған жауапты лауазымды, заңды тұлғаларды анықтап, олардың қандай жауапкершілікке тартылғандығы жөнінде және бұл мәселе өз шешімін қашан табатыны туралы ақпарат сұрайды.

Құрметтен,

«Ақ жол» ҚДП

Парламенттік фракциясының депутаттары:

Б. Дүйсенбинов

А. Перуашев

Е. Никитинская

К. Абсатиров

Д. Еспаева

Е. Барлыбаев

М. Қазбекова

*орынд.: Ауталипова А.Ж.
тел.: 74-63-94*